


Түркістан облысы
Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Қазына» бөбекжайы



Нептун күніне арналған ойын-сауық

Тақырыбы:

«Теңіз патшайымы»



Музыка жетекшісі: Ақжолова.Ұ

2022-2023 оқу жылы

«Теңіз патшайымы»

Мақсаты: Балаларға су тіршілік көзі екенін үйрету. Сумен ойнайтын ойындардың ережесін сақтай отырып, балалардың қимыл-қозғалысын икемділігін, шапшаңдығын арттыру.

Жүргізуші: Күн күлімдеп жел ойнайды,

Толқындар көңілді шулайды.

Нептунға қонақтар асыға келеді,

Сумен көңілді ойын ойнайды.

Жүргізуші: Балалар бүгін қандай күн ?

Балалар: Нептун күні.

Жүргізуші: Нептунның кім екенін білесіңдер ме?

Балалар: Ол көл патшасы.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар көл патшасы Нептун. Нептунның қызы теңіз патшайымыда бар. Біз ол патшайымды танимызба? Олай болса Теңіз патшайымымен танысу үшін ортаға шақырайық.

Барлығы: «Теңіз патшайымы»

Теңіз патшайымы: Сәлеметсіңдерме балалар, құлағыма жетті сендердің әдемі, көңілді дауыстарың. Бұл мереке менің құрметіме арналған екен. Мен теңіз патшайымы боламын. Мерекені сендермен бірге тойлауға келіп тұрмын.

Жүргізуші: Қош келдіңіз теңіз патшайымы. Келіңіз біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыз. Балалар тақпақ айтады.

Салиха: Су тіршілік негізі

Онсыз өмір сүрмейсің

Гигиена негізі-

Су деп және білгейсің.

Самир: Жер шары дәу әлем

Қоршалған ауамен

Ауасыз тұншығар

Өмір сүріп тамаша

Қуанайық балаша.

Теңіз патшайымы: Жарайсыңдар балалар. Мен сумен ойындар ойнағанда жақсы көремін. Сендермен бірге ойнайын.

Жүргізуші: Бүгінгі ойынымызға «Айгөлек» тобы және «Жұлдызша» топ балалары қатысады.

1-ойын: «Су тасушылар». Балалар бос шелегімен мәреге барады.Шелегін суға толтырып, келесі балаға шелегін береді.Келесі бала суды мәредегі ыдысқа төгеді.

2-ойын: «Кім жылдам». Қолындағы сүзгіш ыдысқа бассейндегі доптарды жинау.Қай топ көп жинайды, сол топ жеңіске жетеді.

Кенеттен теңіз қарақшысы келеді.

Теңіз қарақшысы:Мен бұл мерекені болдыртпаймын,.менің ұйқымды бұздыңдар.Қолындағы таппаншамен су шашады.

Жүргізуші: Ой,ой сабыр етіңіз, не шу шығардыңыз.Бұл жерде балалар өте көңілді ойын ойнауда. Оданда сізде келіп ортамызға қосылып,ойын ойнаңыз.

Теңіз қарақшысы: Ендеше менде таппаншалар бар бірге ойын ойнайық.

3-ойын: «Мергендер». Екі топ су таппаншасымен мәрені көздеп су шашады.

Жүргізуші: Теңіз патшайымы, теңіз қарақшысы сіздерге балаларымыздың ойындары ұнап жатырма?

Теңіз патшайымы: Әрине ұнады.Өте керемет. Мен сендерге құр қол келмедім. Өз сыйлығымды ала келдім.міне сендерге сабын көпіршіктері. Сабын көпіршіктерді үрлеп көңілді көпіршіктерді тамашалаңдар.

Теңіз қарақшысы: Балалар ойындарың көңілді екен.маған ұнады. Сендердің мерекелеріңнің шырқын бұзғым келгені үшін кешірім сұраймын.

Би: «Флешмоб»

Жүргізуші: бүгінгі ойын-сауық мерекеміз осымен аяқталды.Сау болыңыздар.

Әдіскер: А.И.



Нептун күні

